

Футбол

Аргентина биік тұғырға әрең көтерілді.

Рас, бірінші таймның нәтижесіне қарағанда мәселе оңай шешілетін тәрізді көрінген. Анхель Ди Марияны аяқтан шалып құлатқаны үшін тағайындалған пенальтиді Лионель Месси мүлтіксіз орындаса, Ди Марияның өзі және бір тамаша гол соққан.

Екінші таймда да француздар бауыр жаза кесіле алма-



АРГЕНТИНА — ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Аргентина-Франция — 3:3 (п.4:2)

ды. Дегенмен үміттері сарқыла бастаған әріптестеріне кенет Килиан Мбаппе дем берді. 80-минутта ол пенальтиді дәл соқты да, арада жарты минут өтер-өтпесте қарсыластар қақпасына және бір гол кіргізіп жіберді.

Негізгі уақыт осылайша тең аяқталған соң ойын 30 минуттық қосымша екі тайммен жалғасты. Мұнда да ойынның бірінші бөлігінде Месси гол соқты да, екінші бөлікте тағы да пенальти орындаған Мбаппе тағы да есепті теңестірді.

Кезек пенальтилер сериясына келді. Бұл сайыста француздардың бағы жанбады. Кингсли Коман гол соқты да, одан кейінгі Кингсли Коман қақпашыдан аяқпен асыра алмаса, Орельен Чуамени допты қақпадан қиыс тепті.

18 желтоқсан 2022 жыл. Лусаил қаласы (Катар). «Лусаил» стадионы. 88966 адам.

бы қақпа бағанасынан сәл қиыс кетті. Ал Месси бастаған аргентиналықтар төрт допты да қарсыластар қақпасына шегедей қақты.

Сөйтіп, 3:3 есебімен тең ойнаған қос команда пенальтилер сериясын 4:2 есебімен аяқтады.

Аргентина үшінші рет (1978, 1986, 2022) әлем чемпионы атанды.

Аргентина құрамасын 2018 жылдан бері жаттықтырып келе жатқан бас бапкер Лионель Скалонидің аты озды.

Гол авторлары: Лионель Месси, 23-минут, пенальти (1:0); Анхель Ди Мариа, 36-минут (2:0); Килиан Мбаппе, 80-минут, пенальти (2:1); Килиан Мбаппе, 81-минут (2:2); Лионель Месси,

109-минут (3:2); Килиан Мбаппе, 118-минут, пенальти (3:3).

Пенальтиді қатесіз орындаған аргентиналықтар: Лионель Месси, Пауло Дибала, Леандро Паредес, Гонсало Монтелья.

Ал француздардан нүктеге бірінші болып келген Килиан Мбаппе ғана допты нысанаға дәл жеткізді де, одан кейінгі Кингсли Коман қақпашыдан аяқпен асыра алмаса, Орельен Чуамени допты қақпадан қиыс тепті.

18 желтоқсан 2022 жыл. Лусаил қаласы (Катар). «Лусаил» стадионы. 88966 адам.

Аргентиналық шабуылшы Лионель Месси Катарда өткен бұл XXII әлем чемпионатының үздік ойыншысы деп танылды. Бұл турнирде 7 гол соққан Месси осы чемпионат тарихында екінші рет үздік ойыншы атанып отыр (2014, 2022).

Бұл турнир барысында қарсыластар қақпасына 8 гол соққан французиялық Килиан Мбаппе әлем чемпионатының үздік сұрмергені атанды. Финалдық кездесуде Мбаппе 3 гол соқса, Месси 2 гол соқты.

Чемпионаттың үздік қақпашысы — Эмилиано Мартинес (Аргентина).

Турнирдің ең үздік жас ойыншысы — 21 жастағы жартылай қорғаушы Энцо Фернандес (Аргентина).

Аргентина ұлттық құрамасы үшін ең көп ойнаған футболшы — Лионель Месси (172). Осы құрамада ең көп гол соққан да — Месси (98 гол). Даңқты шабуылшы 2011 жылдан бері осы ұлттық құраманың капитаны.

Бұл чемпионатта 64 кездесу өткізіліп, 172 гол соғылды. Әр ойында орта есеппен 2,69 доп қақпаға енгізілді.

17 желтоқсан күні үшінші орын үшін болған ойында Хорватия Марокконы 2:1 есебімен жеңген болатын.

E. АХАТҰЛЫ.

Құттықтаймыз!



Әйтеке би ауданы Ақкөл ауылының тұрғыны **Еркінғали САТАЕВТЫ** 60 жас мерейтойымен құттықтаймыз! *Ізгілікті нұрын шашар маңайға, Адамсыз ғой үлгі болар талайға. Жақсылықты өзіңізден көп көрген Ұмытпайтын достарың бар маңайда.*

Бақытты бол бұл өмірде мәңгілік Қуатыңыз таусылмасын 100 жастар!

Игі тілекпен: Ақкөлдік достарың 1980 жылғы мектеп түлектері.

«Қазақстанның үздік кәсіби мамандары» республикалық жобасының ережесі

1. Жалпы ережелер

«Қазақстанның үздік кәсіби мамандары» республикалық жобасы туралы ереже (бұдан әрі — Ереже) денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет пен спорт, әлеуметтік және мемлекеттік қызмет, ауыл шаруашылығы және ветеринария, қаржы және банк ісі, энергетика және құрылыс, қызмет көрсету саласы және қызмет, басқару мен әкімшілік, өңдеу және өнеркәсіп салаларының мамандары арасында кәсіби шеберліктің онлайн конкурсын (бұдан әрі — Конкурс) өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды.

1.2. Конкурс ұйымдастырушылары «Education PRO» құзыреттілікті дамыту орталығының қолдауымен — «Профессионалы.KZ» .

1.3. Конкурс 2 турмен (облыстық, республикалық)

1-тур облыстық — 2022 жылғы 20 желтоқсан мен 2023 жылғы 20 қаңтар;

2-тур республикалық — 2023 жылғы 1 ақпан мен 20 ақпан аралығында өткізіледі.

2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері.

2.1. Конкурстың мақсаты — өз саласының үздік мамандарын анықтау арқылы Қазақстан Республикасының кадрлық әлеуетін қалыптастыру.

2.2. Конкурстың міндеттері

- кадрлық пулды қалыптастыру;
- мамандықтардың оң имиджін арттыру;
- қатысушылар арасында оң кәсіби тәжірибемен алмасу;
- елдің кадрлық әлеуетін дамыту саласындағы ұсыныстарды әзірлеу.

2.3. Конкурс денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт, әлеуметтік және мемлекеттік қызмет, ауыл шаруашылығы және ветеринария, қаржы және банк ісі, энергетика және құрылыс, қызмет көрсету және сервис, басқару және әкімшілік, өңдеу және өнеркәсіп салалары қызметкерлерінің арасында, сондай-ақ ШОБ өкілдері арасында өткізіледі.

3. Конкурсты өткізудің шарттары.

3.1. Қатысушыларды тіркеу онлайн-конкурстың дедлайнның мерзімінен кешіктірмей берілген толтырылған өтінімнің (1-қосымша) негізінде жүргізіледі.

3.2. Конкурстың тапсырмалары

Презентация. Power Point-та қатысушы туралы шағын ақпарат дайындау: туған күні мен жері, оқу орны, жұмыс орны, сіңірген еңбегі, марапаттары, дипломдары, әдістемелік әзірлемелері, кәсіпорындағы рекордтары және т.б. Көлемі — кемінде 10 бет. Қазылар алқасы презентацияның өсемдігі мен сапасын жеке бағалайды.

3.3. Интернеттен материалды пайдалануға тыйым салынады.

3.4. Тапсырмаларды бағалау барысында сарапшылар әрбір қатысушы бойынша жалпы бағаны балмен (жалпы 100 балдан артық емес) қоя отырып, критерийлер жолдарын толтырады.

3.5. Конкурстың жұмыстарды бағалау процесі аяқталғаннан кейін қазылар алқасының уәкілетті өкілі бағалау ведомостарын жинайды және әрбір қатысушы бойынша қорытынды нәтижені есептейді.

3.6. Егер қатысушы тапсырманың қандай да бір бөлігін орындай алмаса, баға нақты орындалған көлем үшін берілетін болады.

3.7. Бағаларды есептеудің қорытынды нысанына бас сарапшы қол қояды, ол оны өз қолымен бекітеді, содан кейін әрбір құзыреттілік бойынша жеңімпаз бен жүлдегерлерді белгілейді.

4. Конкурсқа қатысу.

4.1. Денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт, әлеуметтік және мемлекеттік қызмет, ауыл шаруашылығы және ветеринария, қаржы және банк ісі, энергетика және құрылыс, қызмет көрсету және сервис, басқару және әкімшілік, өндірістік және өнеркәсіп салаларында жұмыс істейтін кез келген адам, сонымен қатар ШОБ өкілдері қатыса алады.

4.2. Конкурсқа қатысушылар өз жұмыстарын және өтінім нысанын 2023 жылғы 20 қаңтарға дейін өтінім нысанын (1-қосымша) электронды мекенжайға жіберуі тиіс: professionaly@intemet.ru

5. Жеңімпаздар туралы шешім

5.1. Конкурс жеңімпаздары туралы шешім қазылар алқасының шешімімен қабылданады. Қазылар алқасының құрамына бағалауға қатысатын әрбір мамандық бойынша кемінде 1 (бір) сарапшы кіреді.

5.2. Конкурс жеңімпаздары, лауреаттар мен номинанттар әр мамандық бойынша анықталады.

5.3. Конкурс қорытындысы бойынша қатысушылар екінші турға өтуіне қарамастан электронды нысандағы дипломдармен, алғыс хаттармен және сертификаттармен марапатталады.

5.4. Конкурстың облыстық кезеңінің жеңімпаздары «Қазақстанның үздік кәсіби мамандары» жобаның республикалық кезеңінде облыс намысын қорғайды.

5.5. Іріктеу кезеңдерінде шығу семинар-тренингтер, конференциялар, фотосессиялар өткізіледі.

6. Тіркеу жарнасы

Конкурстың іріктеу кезеңдеріне қатысу тегін, сонымен қатар қатысушылар өз қалауы бойынша ұйым серіктестерінен марапаттау материалын (мүсіншелерді, белгішелерді, дипломдардың, сертификаттардың, Алғыс хаттардың түпнұсқаларын) сатып ала алады.

Байланыс телефоны: +7 700 300 90 60 Ұйым. Комитет

№1 қосымша

Өтінім нысаны

№	Ұйымның атауы	Қатысушының аты-жөні	Қандай мамандық бойынша қатысады	Байланыс телефондары	Электронды пошта	Облыс немесе республикалық маңызы бар қала
1.						

«МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТҮСІНІГІ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ»

Мемлекеттік қызмет — азаматтардың мемлекеттік органдар мен оның аппараттарындағы кәсіптік қызметі. ҚР мемлекеттік қызметінің ұйымдастырылуы мен атқарылуы келесі принциптерге негізделеді: заңдылық, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы, азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдылығы. Кез келген мемлекеттік жетістігі мен құлденуі мемлекеттік қызметшілердің тиімді және кәсіби қызметіне негізделеді.

Мемлекеттік қызметкер болу — бұл үлкен абырой мен міндет. Мемлекеттік қызметші болу тек биік белес пен мансаптардан ғана тұрмайды. Ол билік пен халық арасында байланыстырушы буын болып табылады. Сондықтан да, көп нәрсе мемлекеттік қызметкердің жедел түрде ой қорытып, қандай да бір мәселелерді шешу жауапкершілігін өз мойнына ала білу дағдысын игергендігіне байланысты.

Мемлекеттік қызметтің ерекшелігі халық арасында болып жатқан өзекті мәселелерді біліп қана қоймай, сол мәселелерді шешіп, оған атсалы-

са білу. Конституция талаптары мен заңдардың сақталуын қадағалап, азаматтардың құқықтарының қорғалып, міндеттерінің сақталуын назарда ұстау әрбір органның жұмысына тікелей байланысты.

Мемлекеттік қызмет, ең алдымен, жауапкершілікке, тәртіпке тәрбиелейді. Осы орайда даңқты батыр Бауыржан Момышұлының: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» деген тамаша бір сөзін атап өткім келеді. Шынымен де, даңқты батыр айтып кеткендей тәртіп бар жерде, білім бар.

Сондықтан да мемлекеттік қызметкерлер елге адал қызмет етуі тиіс. Әділдік пен ашықтық қасиеті де оларға тән болуы қажет. Қазақ тілін жетік біліп, кез-келген ақпаратты халыққа түсіндіре біліп, отанының шынайы патриоты болуы қажет. Әрбір мемлекеттік қызметші өз орнында халықтың мүддесіне қызмет етіп, көкейкесті мәселелерін заң шеңберінде шеше білуі тиіс.

Ақтөбе мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің кадр және құқықтық жұмыс бөлімінің басшысы М.Н.КАКИРОВА.

«Горнорудная Компания «Бенкала» АҚ

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2023 жылғы 24 қаңтарда сағ 11.00-де, Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы, Сұлукөл а.о., Сұлукөл а., Бауыржан Момышұлы көшесі, 8 мекенжайы бойынша «Эмиссиялық нормативтер жобасы (Рұқсат етілген норматив шығарындылары, төгінділері), қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, іс-шаралар жоспары» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanu?lang=ru>» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ expert_oos@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/2538101026?pwd=WXlBVnlhXzF0R2t0c0hNV002OFJjZDZ09> немесе конференция идентификаторы: 253 810 1026. Кіру коды: 0ShUIN.

Қосымша ақпаратты line.plus@bk.ru электронды поштасы және +7 (771) 068 55 03 телефоны арқылы алуға болады.

ГАЗЕТТІ БІЗДІҢ

www.aqtobegazeti.kz

САЙТЫМЫЗДА ОҚЫҢЫЗ!

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

56-31-30

aktobesmi@mail.ru

Ақтөбе қаласындағы №10 жалпы білім беретін орта мектебінің ұжымы осы мектептің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Гүлшайым Бекетқызына анасы **Сұлушаш ИМАНОВАНЫҢ** дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, отбасы мен жақын-жуықтарына көңіл айтады.

Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Меншік иесі: «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС

Газет «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған

Директор **Раукен ОТЫНШИН**

Бас редактор **Сәтжан ДӘРІБАЙ**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қаңтарда тіркеліп, №16856-Г куәлігі берілген.

Бас редактордың орынбасары Мейрамгүл САТАЕВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ: Бөлім меңгерушісі Данагүл ҚАЗИХАН, 56-29-98

Тілшілер Ақерке САТЫБАЛДЫ, Ақбота ҚАЛДЫБЕК

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ: Бөлім меңгерушісі Айбек ТАСҚАЛИЕВ, 90-71-64

Тілшілер Нұрмұханбет ДИЯРОВ, Самат НАРЕГЕЕВ

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ: Бөлім меңгерушісі Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 55-11-11

Тілшілер Индира ӨТЕМИС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Фототілші Хайреден РАУШАНОВ

КОМПЬЮТЕР БӨЛІМІ:

Беттеушілер Нұрша БИДАНОВА, Динара САНГУЛОВА, Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА

Теруші Гүлмира АЙНАЗАРОВА

Корректор Қалдығұл МЫРЗАТАЕВА

Жазылу және тарату бөлімі 54-79-80

Жарнама бөлімі 56-31-30

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспахананың мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды



Мекенжайымыз: 030007, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.

Факс: 54-69-00.
Қабылдау бөлмесі: 54-69-00.
Сайт: www.aqtobegazeti.kz
E-mail: aktobegazeti@mail.ru
Аптасына 3 рет шығады.

Таралымы 13927 Тапсырыс №1801

Немірдің кезекші редакторы Талғат Тілеулесов